

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 сәуірдегі N 447 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 маусымдағы N 620 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жеке тұлғалардың салық салу объектілерінің құнын анықтау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 сәуірдегі N 447 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 12, 119-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жеке тұлғалардың салық салу объектілерінің құнын анықтау ережесінде:

12-тармақтың 2-кестесіндегі реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Тастан, ерекше күрделі, қабырғалары кірпіш, қалыңдығы 2,5 кірпіштен астам немесе темірбетонды немесе металл қаңқалы кірпіштен, аражабындары темірбетонды және бетонды ғимараттар; қабырғалары ірі панельді, аражабындары темір бетонды ғимараттар
0 , 7 1 4 3 " ;

13-тармақтың 5-кестесі мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

" қ а м ы с қ а ң қ а л ы 0 , 6 " ;

14-тармақтағы "коэффициенті (К айм.) қолданыстағы заңнамаға сәйкес анықталады" деген сөздер "коэффициентін (К айм.) жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын мүлкіне салық салу объектілерінің құнын анықтау жөніндегі уәкілетті органдар жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша анықтайды" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Жергілікті атқарушы органдар жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын мүлкіне салық салу объектілерінің құнын анықтау жөніндегі уәкілетті органдармен аймаққа бөлу коэффициентін келіссін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК